

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жылғы 22 тамыз №1-06/105

**2025-2026 оқу жылының басталу және аяқталу
мерзімдерін айқындау, сондай-ақ мерзімдері
қорытынды аттестаттауды өткізу туралы**

Ақсу қаласының білім беру бөлімінің 2025 жылғы 14 тамыздағы №1-04/800 бұйрығы білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін айқындау, сондай-ақ мерзімді қорытынды аттестаттауды өткізу туралы бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025-2026 оқу жылының басталуы мен аяқталуы 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2026 жылғы 25 мамырды қоса алғанда.

2. Сабақтың басталуын ұйымдастыру 1 аусым – 8:00 с, 2 аусым -14:00 с (кесте бойынша), сабақтың ұзақтығы 45 минут.

3. Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Ж.Кожаметоваға, оқу жылын басталу және аяқтау мерзімін, оқу және каникул кезеңдерінің ұзақтығын орындауды қамтамасыз етсін:

- оқу жылының ұзақтығы 1- сыныптарда - 33 оқу аптасы, 2 - 11 сыныптарда -34 оқу аптасы.

-1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсан және демалыс ұзақтығы:

-1 тоқсан - 8 оқу аптасы, күзгі демалыс - күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 27 қазаннан бастан 2 қарашаны қоса алғанда);

-2 тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2025 жылғы -29 желтоқсаннан бастап 2026 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

-3 тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2026 жылғы 19 - 29 наурызды қоса алғанда);

-1-сыныптарда: қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2026 жылғы 9-15 ақпанды қоса алғанда);

-4 тоқсан – 8 оқу аптасы.

1.2. Қорытынды аттестаттау мерзімі:

- 9 (10) сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары - 2026 жылғы 29 мамырдан бастап 11 маусым аралығында;

-11 сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2026 жылғы 2- 15 маусым аралығында;

1.3. Қорытынды аттестаттауды өткізу мерзімдері:

- 9 сынып оқушылар үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 29 мамыр;
2) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзілік тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) - 2026 жылғы 3 маусым;

3) қазақ/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан (эссе) – 2025 жылғы 8 маусым;

4) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан -2026 жылғы 11 маусым;

- 11(12) сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2026 жылғы 2 маусым;

2) алгебра және талдау бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 5 маусым;

3) қазақ/орыс тілі бойынша жазбаша емтихан (оқыту тілі) – 2026 жылғы 9 маусым;


4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика)- 2026 жылғы 12 маусым;

5) қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан орыс тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда және орыс тілі мен әдебиеті бойынша қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда – 2026 жылғы 15 маусым;

4. Ұйымдастырылған оқу жылының басталу мен оқу жылының аяқталу аясында іс-шаралардың сапасына, сондай-ақ емтихандарды өткізуге жауапкершілік директордың оқу-тәрбие орынбасары Л.Ж.Кожаметоваға, директордың тәрбие орынбасары Т.К.Байкуатоваға жүктелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Ж.Кожаметоваға жүктелсін.

Мектеп директоры



Г.Амирханова

таныстым: Л.Ж.Кожаметова

Т.К.Байкуатова